


**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**  
**ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТІРЛІГІ**



5111300-Ана тілі және әдебиеті (қазақ тілі және әдебиеті)білім бағыты  
негізінде:

**5A111301-Ана тілі және әдебиеті (қазақ тілі және әдебиеті)  
магистратура мамандығына кіретіндер үшін арнаулы (мамандық)  
пәндерден**

**БАҒДАРЛАМА**

**ШЫРШЫҚ - 2021**

## Аннотация

Бағдарлама 5A111301-Ана тілі және әдебиеті (қазақ тілі және әдебиеті) магистратура мамандығына кіретіндер үшін 5111300- Ана тілі және әдебиеті (қазақ тілі мен әдебиеті) білім бағытының 2018/2019 оқу жылында бекітілген оқу жоспарындағы негізгі пәндерге сәйкес түзілген.

### ТҮЗУШІЛЕР:

- А.М.Шофқоров - ТОШМПИ Өзбек тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі ф.ғ.к., доц.
- У.А.Байкабилов - ТОШМПИ Өзбек тілі және әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы.
- Е.Б.Абдувалитов - Низами атындағы ТМПУ-дің Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі п.ғ.д., профессор

Бағдарлама Гуманитар пәндер факультетінің 2021 жылғы 30 июнь дағы № 11 санды Кеңесі мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылған.

## **КІРІСПЕ**

Аталмыш бағдарлама 2018-2019 оқу жылында 5A110401 – 5A111301- Ана тілі және әдебиеті (қазақ тілі және әдебиеті) мамандығы бойынша магистратураға кіретіндер үшін кіру сынақтарының бағдарламасы, сауалнамалары мен бағалау мөлшерлерін өз ішіне алған. Бағдарлама, сауалнама және мөлшерлер жоғару оқу орнының 5111300 – Қазақ тілі мен әдебиеті бакалавриат білім бағытының Мемлекеттік білім стандартына негізделіп түзілген.

### **Негізгі бөлім**

5A111301-Ана тілі және әдебиеті (қазақ тілі және әдебиеті) магистратура мамандығының міндеті - қазақ тілі мен әдебиетінің тарихы бойынша қарастырылуға тиісті тақырыптар, олардың теориялық және практикалық маңызын, қазіргі қазақ әдеби тілінің салаларын қатысты терминдер мен ұғымдардың мәнін терең түсіну, тілдің тарихи қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен байланысын қарастыру арқылы даму сипатын, оның жаңа бағыттар мен салаларын, олардың теориялық мәселелерін жетік білуі, әдеби шығарманы зерттеу тәсілдері, әдебиет тарихының кезеңдері, әдебиеттанудың салалары жөнінде терең білуі, әдебиеттанудағы негізгі ұғымдарды, оның қажеттілігін, зерттеу нысандарын, қарастыратын мәселелерін, қазіргі өзекті ғылыми мәселелерді оқып-үйренудің, зерттеудің әдіс-тәсілдері мен әдіснамалық негіздерін танудың мүмкіндіктерін білуі, қазақ әдебиеті тарихын қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен байланысын қарастыру арқылы әдебиеттің ой-сананы оятудағы міндетін танып-білу, әдебиеттің даму сипатын, әдебиеттегі ірі шығармашыл тұлғалардың өзіндік қолтаңбасын саралай білу, әдеби туындыларды талдау арқылы оның эстетикалық мәнін, тақырыптық-көркемдік сипаттарын таныта білу, көркем шығармаға талдау жасаудың ғылыми принциптерін игертуден тұрады.

Методика-педагогика ғылымдарының бір саласы екендігі, білім беру құралдарының жиынтығы ретінде қаралатындығы, қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беру құралдарын зерттейтіндігі. Зерттеу әдістерінің тексеру объектісіне қарай түрлері. Методика қазақ тіліне, педагогикаға /дидактикаға/, психологияға және логика пәндеріне байланысты қарастырылады. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық, методикалық принциптері, ғылыми, жүйелі, көрнекілік, саналылық пен белсенділік, теорияны практикамен байланыстыру және оқушылардың психикалық ерекшеліктерін ескеру принциптері. Жалпы білім беретін мектептерге арналған қазақ тілі бағдарламасының мазмұны, көлемі және жүйесі.

Қазақ тілінен білім берудің әдістері оқушыларға білім және дағды беру жолында жүргізілетін тәсілдер жиынтығы болып саналады, әдіс-тәсілдер элементтерінің жиынтығынан құралады, ал тәсіл-әдістің бір элементі болып табылады. Қазақ тілінен білім беру әдістерін топтастырудың /классификация жасаудың/ өлшемдеріне негіздей отырып, әдістер және олардың құрылымы.

2. Практикалық әдістер және олардың құрылымы. 3. Көрнекі әдістер және олардың құрылымы.

Қазақ тілінен өтілетін сабақтардың оқыту формаларына жататындығы. Сабақ - оқу ісін ұйымдастырудың негізгі қалпы. Сабақтың өзіндік белгілері. Сабақты топтастырудың методикалық өлшемдері: 1. Түсіндіру сабақтары және олардың құрылымы. 2. Пысықтау сабақтары және олардың құрылымы. 3. Сынақ сабақтары және олардың құрылымы. Қазақ тілі бойынша жоспарлау жұмыстары. 1. Күнтізбе жоспар. 2. Тақырыптық жоспар. 3. Сабақ жоспары. Фонетиканы оқыту методикасы. Лексиканы оқыту методикасы. Грамматиканы оқыту методикасы. Орфография мен орфоэпияны оқыту методикасы. Пунктуацияны оқыту методикасы. Тіл дамыту жұмысының методикасы. Тілді оқытуды инновациялық оқыту технологиялары.

Әдебиетті оқытудың әдістемесі: мақсаты, міндеті. Мазмұны, әдебиетті оқытудың құралдары мен ұстанымдары. Оқу пәні мен объектері. Ғылыми зерттеулердің әдістемелері. Әдістеменің басқа ғылымдармен байланысы. Әдебиетті оқыту әдістемесінің әдебиет жайындағы қазіргі ғылым жетістіктеріне сәйкес топтау сипаты. Әдебиетті оқытудың әдіс-тәсілдері мен технологиялары. Әдебиет пәні мұғалімінің жұмыс жоспары. Көркем шығармаларды жанрына қарай оқыту. Ертегілерді оқыту. Мысал жанрын оқыту. Батырлар жырын оқыту. Лирикалық туындыларды оқыту. Әңгіме жанрын оқыту. Ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын оқыту. Әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту. Шығарма жаздыруға тәсілдіру жолдары. Әдебиет сабақтарында сыныптан тыс оқу және сыныптан тыс жұмыстар.

Қазақ тілі дыбыс жүйесінің зерттелуі. Дауысты дыбыстар, түрлері. Дауыссыз дыбыстар. Үндестік заңы. Дыбыс үндестігі: ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпал. Буын үндестігі: тіл, ерін үндестігі. Тіл үндестігі бойынша сөздің барлық буындарының бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке болып үйлесуі. Тіл үндестігіне бағынбайтын қосымшалар. Буын және оның жасалуы. Буынның түрлері. Сөздің буын құрамы. Буын және тасымал. Екпін. Екпін туралы түсінік. Орфография. Орфографияның негізгі принциптері, артықшылықтары мен қиындықтары.

Сөз туралы түсінік. Сөздің атауыштық қызметі. Ұғым: түрлері, мазмұны мен көлемі. Сөз мағыналарының өзгеруі. Омонимдер. Синонимдер. Антонимдер. Полисемия. Сөздердің ауыспалы мағынада қолданылу себептері. Қазіргі қазақ тілі лексикасының шығу арналары. Қазақ тілінің негізгі сөздік қоры мен сөздік құрамы. Терминдер және кәсіби сөздер. Төл сөздер мен кірме сөздер. Диалектизмдер. Фразеологизмдер. Мақал-мәтелдер. Лексикография. Сөздіктер. Сөздердің шығу тегі. Ономастика. Этимология. Фразеология және оның өзіндік белгілері, түрлері. Фразеологизмдердің мақал-мәтелдерге қатысы. Фразеологизмдер және ұйытқы сөздер. Фразеология және оның өзіндік белгілері, түрлері. Фразеологизмдердің шығу арналары.

Сөзжасам – тіл білімінің дербес саласы. Сөзжасамның тілдің басқа салаларымен байланысы. Тілдің сөзжасамдық жүйесі. Сөзжасамдық бірліктер: сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық саты, сөзжасамдық тарам. Сөзжасам тәсілдері. Сөзжасамдық мағына, оның түрлері, ерекшелігі. Туынды сөздер, түрлері. Күрделі сөздер, түрлері. Сөз таптарының сөзжасамы: зат есімдер сөзжасамы, сын есімдер сөзжасамы, сан есімдер сөзжасамы, етістіктер сөзжасамы, үстеулер сөзжасамы.

Сөздің грамматикалық мағынасы. Грамматикалық ұғымдар. Грамматикалық мағынаның түрлері, берілу тәсілдері. Грамматикалық форма. Грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың сәйкестігі. Морфема және оның түрлері. Қосымша морфема: жұрнақ және жалғау. Жұрнақтар. Жұрнақтардың мағыналық түрлері: омоним, синоним, антоним және көп мағыналы жұрнақтар. Жалғаулар. Оларға тән белгілер, түрлері. Көптік, септік, тәуелдік және жіктік жалғаулары. Қазақ тіліндегі сөз таптары және сөздерді таптастырудың негізгі қағидаттары.

Сөз тіркесі. Сөз тіркесінің құрылысы мен байланысу тәсілдері. Сөз тіркестерінің синтаксистік қатынасы. Сөйлем мүшелері. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Жай сөйлем, құралымдық ұйысымы. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі. Құрмалас сөйлем, грамматикалық табиғаты, түрлері. Салалас құрмалас сөйлем. Жалғаулықты және жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлемдер. Ерекшеліктері. Жасалу жолдары. Сабақтас құрмалас сөйлем. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері. Аралас құрмалас сөйлемдер. Грамматикалық ерекшелігі. Құрамына және байланысу тәсіліне қарай түрлері.

Әдебиеттану – көркем сөздің табиғаты, шығуы, дамуы туралы филологиялық ғылым. Әдебиет туралы ғылым және оның салалары. Әдебиет туралы ғылымның ғылыми мәні. Әдебиеттану ғылымның өзге ғылым салаларымен байланысы мен өзіндік ерекшелігі. Әдебиет – сөз өнері. А. Байтұрсынов сөз өнері туралы. Көркем әдебиеттегі шарттылық мәселесі. Өнер туындысын бағалау критерийлері. Әдебиеттің халықтығы, ұлттық сипаты жайлы ой-толғамдар. Өнер мен әдебиеттегі халықтық ұғым. Халықтық ұғымның әр кезеңдегі көрінісі. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні туралы түсінік. Көркем шығарманың тақырыбы. Басты және қосалқы тақырыптар. Көркем шығарманың идеясы және оның автор дүниетанымымен байланыстылығы. Композиция туралы түсінік. Композициялық бүтіндік. Композицияның көркем шығармадағы атқаратын ролі. Сюжет туралы пікірлер. Сюжеттік элементтер. Композицияның сюжеттен тыс элементтері. Композиция мен сюжеттің бірлігі және айырмашылығы. Сюжет туралы ұғым. Сюжеттік элементтер. Композицияның сюжеттен тыс элементтері. Композиция мен сюжеттің бірлігі және айырмашылығы. Әдебиетті тек пентүрлерге жіктеу принциптері. «Тек», «түр», «жанр» түрлерінің қолданылу аясы. Жанрдың тарихи категория екендігі.

Әдебиет тарихын дәуірлеу төңірегіндегі дискуссия. Қазақ әдебиеті тарихының кезеңдері. Ежелгі дәуір әдебиеті. Заманымыздан бұрынғы жазу-сызулар (сақ, ғұн, үйсін, дәуірі). Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиет. Оғыз-Қыпшақ дәуіріндегі әдебиет. Ислам дәуіріндегі әдебиет. Алтын Орда дәуірі әдебиеті.

Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Қазақтың төл әдебиетінің бастауы – жыраулар поэзиясы. XV ғасырдағы қазақ даласындағы тарихи-әлеуметтік жағдай XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің негізгі арнасы, бірегей көрінісі – жыраулар поэзиясы екені. Жыраулық әдебиеттің әлеуметтік сипаты. Жыраулар поэзиясы және оның түп тамырлары. Жыраулар поэзиясының басты тақырыбы мен идеясы, мазмұны, көркемдік сипаты. Жырау және ақын. Олардың өзіндік ерекшеліктері. Жыраулар поэзиясының қайнар көздері.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Тарихи-әлеуметтік жағдайлар және әдебиеттің дамуы. Әдебиеттегі ағымдар. Зар заман ақындары шығармаларындағы басты идея. Дулат Бабатайұлы /1802-1874/ шығармашылығы. Толғауларының мәні. Шортанбай Қанайұлы /1818-1881/ толғаулары. Заман шындығының айтылуы. Мұрат Мөңкеұлы /1843-1906/ шығармашылығындағы ата қоныс мәселесі. Әбубәкір Кердері /1868-1905/ шығармашылығы. Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісі және әдебиет. Махамбет Өтемісұлы (1804-1846). Өмірбаяны. Махамбет мұрасының жиналуы, зерттелуі. Махамбет өлеңдеріндегі күрескерлік сарын, ерлік рух. Шернияз Жарылғасұлы (1807-1867) шығармашылығы. Ш.Уәлихановтың зерттеу еңбектері. Ы.Алтынсарин және ағартушылық идея. Абай – ұлы ақын, қазақ әдебиетінің классигі. Бұл дәуірдегі ірі саяси-әлеуметтік оқиғалар, патшалық отарлау саясаты, хандық биліктің жойылуы, әкімшілік жүйедегі өзгерістер, ұлт-азаттық қозғалыстар мен көтерілістер әдебиеттің идеялық та, эстетикалық та мазмұнына үлкен ықпалын тигізуі. Соның нәтижесінде бірқатар ағымдар мен бағыттардың қалыптасуы. Зар заман әдебиеті, ақындар айтысы, сал-серілер поэзиясы, реалистік жазба әдебиет, романтикалық сарындағы әдебиет, шығыстық үлгідегі шығармалар – қарастырылып отырған кезеңге тән құбылыстар. Идеялық-көркемдік жаңалықтармен қатар, тың жанрлардың қалыптасып дамуы. Сонымен қатар осы ғасыр шегінде қазақ әдебиетінің басқа халықтар әдебиетімен байланыстарының өрісті бола бастауы.

XX ғасырдың басындағы әдебиет. Қазақ даласындағы қоғамдық-әлеуметтік жағдай және әдеби даму. Отаршылдыққа қарсы күрес идеясы. Әдебиеттегі алашшыл идея. Ағымдар мен бағыттар. Алғашқы көркем проза үлгілері. Әдеби жанрлардың дамуы. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің дамуы. Тарихи-әлеуметтік жағдайлар. Қоғамдық-әлеуметтік жағдай. Өндіріс орындарының ашылуы. 1904 жылғы орыс-жапон соғысы, Ресейдегі 1905-1907 жылдардағы төңкеріс. 1914-1918 ж. бірінші империалистік соғыс. 1916 ж. патша жарлығына қарсы ұлт-азаттық көтеріліс. 1917 ж. ақпан және қазан төңкерісі. Аталмыш оқиғалардың әдебиетке тигізген ықпалы. 1900-1917

жылдар аралығындағы әдеби көркем шығармалар мен ақын-жазушылардың шығармашылығын қарастыру, олардың әлеуметтік, көркемдік, жаңашылдық негізін таныту.

XX ғ. басындағы қазақ арасындағы оқу-ағарту жұмысы. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әдеби даму. Әдеби сындағы қайшылықтар. Тартыс. Тұрпайы социологизм сыны. Абай мұрасына және халықтық мұраға көзқарас. Әдеби жанрлардың дамуы. Б.Майлин шығармашылығы. Алғашқы өлеңдерінен көрінетін әлеуметтік өмір шындығы. Өңгімелері. Хикаяттары. Пьесалары. Б.Майлин – шағын әңгіме шебері. С.Сейфуллин шығармашылығы. Азаттық жолындағы күресті арқау еткен өлеңдері. Поэмалары. «Аққудың айрылысуы» поэмасындағы романтикалық сарын. «Көкшетау» поэмасы. Көркемдігі мен тілі. Прозасы. Пьесалары. І.Жансүгіров шығармашылығы. Ілияс – эпик ақын. «Құлагер», «Күй», «Күйші» поэмаларындағы өнер және өнер адамының тағдыры. «Гималай», т.б. өлеңдерінің көркемдігі. Табиғат лирикасы. Азаматтық лирикасы. М.Әуезов, С.Мұқановтың алғашқы шығармалары. Драматургияның дамуы.

XX ғасырдың 40-50 жылдарындағы әдебиет. Соғыс шындығының әдебиетте бейнеленуі. Прозадағы, поэзиядағы соғыс тақырыбы. Ерлік, Отан қорғау идеясы. Соғыс жылдары жазылған шығармалар. Қ.Аманжолов, С.Мәуленов, Ә.Сәрсенбаев, Ж.Саин, т.б. майдангер ақын-жазушылар шығармашылығы. М.Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясы. Абай тұлғасы. Тарихи және замана шындығын бейнелеудегі суреткерлік шеберлік. Әуезов прозасындағы көркемдік жетістіктер. Пьесалары. «Абай», «Қарагөз», «Айман-Шолпан», т.б. Әдебиеттану саласындағы еңбектері. С.Мұқанов шығармашылығы. Романдары. «Адасқандар» романының тақырыбы мен идеясы. Өңгіме-повестері. Поэмалары. Әдебиет туралы еңбектері. Ғ.Мүсірепов шығармашылығы. Көркемдік ізденістер. Алғашқы өңгімелері. Кейінгі прозасы. «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі. «Жапон балладалары» циклі. Ана тақырыбындағы туындылары. Пьесалары. Ғ.Мұстафин шығармашылығы. «Қарағанды» романының тақырыбы, кейіпкерлер жүйесі. «Миллионер». «Көз көрген» романдары.

XX ғасырдың 60-90 жылдарындағы әдеби даму. 60-жылдар әдебиетіндегі жаңа леп. Жанрлық даму. Прозаның дамуы. Поэзияның дамуы. Драматургияның дамуы. Прозадағы бағыттар. Тарихи романдардың жазылуы. Көп кітапты романдар. І.Есенберлин, Х.Есенжанов, Ә.Әлімжанов, Т.Ахтанов, Т.Әлімқұлов, Ш.Мұртаза, С.Мұратбеков, Ә.Кекілбаев, Қ.Жұмаділов, С.Жүнісов, М.Мағауин, Т.Әбдік, т.б. шығармашылық өкілдерінің еңбектері. Қазақ әдебиетін дамытудағы еңбектері. Әдебиеттану ғылымының дамуы. Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, М.Базарбаев, З.Ахметов, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Р.Нұрғали зерттеулеріндегі әдебиеттану мәселелері. Поэзиядағы жаңалықтар. М.Мақатаев, Т.Айбергенов, Ж.Нәжімеденов, Ф.Оңғарсынова, т.б. ақындар шығармашылығы.

**5111300 Қазақ тілі мен әдебиеті бағыты негізіндегі**  
**5A111301-Ана тілі және әдебиеті (қазақ тілі және әдебиеті)**  
**Магистратура мамандықтарына кіретіндер үшін арнаулы (мамандық)**  
**пәндерден кіру емтиханының жазба жұмыстарын өткізу тәртібі мен**  
**бағалау мөлшері**

Мамандық пәндер бойынша магистратураға кіру емтиханы “Жазба жұмысы” көп вариантты тәртіпте өткізіледі. Әрбір вариантта бесеуден сұрақ болады.

«Жазба жұмыс» варианттарының бірінші сұрағы «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», екінші сұрағы «Әдебиетті оқыту әдістемесі», үшінші сұрағы «Қазіргі қазақ әдеби тілі», төртінші сұрағы «Әдебиеттану негіздері», бесінші сұрағы «Қазақ әдебиеті тарихы» пәндерінен болып, әрбір сұрақ 20 балл жүйе негізінде бағаланады.

Жазба жұмысты өткізу үшін үш (академиялық) сағат уақыт беріледі.

**Мамандық пәндерден магистратураға кіру емтиханы жазба жұмысындағы әрбір сұрақтан студенттер білімі төмендегі критерий негізінде бағаланады:**

- берілген сұраққа дұрыс және толық жауап жазылса, сұрақтың мазмұны, маңызы дұрыс және толыққанды ашылса, сондай-ақ, шығармашылық тұрғыдан жандасса, жауапта логикалықтұтастыққа қол жеткізген кезде меңгерілген көрсеткіші **17– 20 балл** аралығында бағаланды;

- берілген сұраққа дұрыс жауап жазылса, сұрақтың мазмұны толық ашылған болса, меңгерілген көрсеткіші **14– 16 балл** аралығында бағаланады;

- берілген сұраққа дұрыс жауап жазылса, бірақ берілген сұрақтың мазмұны толық ашылмаған болса, меңгерілген көрсеткіші **11–13 балл** аралығында бағаланады;

- берілген сұраққа жауап бұрыс немесе атүсті жауап берілген болса, қойылған мәселенің маңызы ашып берілмесе, онда меңгерілген көрсеткіші **0 - 10 балл** аралығында бағаланады.

Мамандық пәндерінен Мемлекеттік аттестациясы бойынша жалпы меңгерілген көрсеткіші **0 ден 100 балға дейін** бағаланады (86-100 балл – үлгілі, 71-85 балл – жақсы, 55-70 балл – қанағаттанарлы, 0-54 балл – қанағаттанарсыз).

**ЕСКЕРТУ:** Кіру емтиханы үдерісінде қойылған бағадан наразы болған абитуриенттер қорытынды мемлекеттік аттестациясының бағалары хабарланған күннен бастап 24 сағат мерзімішінде апелляциялық комиссияға шағымдауға құқылы. Емтихан комиссиясы мен студент ортасында бағалау балдары бойынша жүзеге келуі мүмкін болған проблемалар арнаулы апелляциялық комиссиясы тарапынан көріп шығылады және қабылдау комиссиясы төрағасымен келісілген түрде қорытынды жасалады.



## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мирзиёев Ш.М. Эркин ва фаровон, демократик Ўзбекистон давлатини биргаликда барпо этамиз. Ўзбекистон Республикаси Президентининг лавозимиға киришиш тантанали маросимиға бағишланган Олий Мажлис палаталарининг қўшма мажлисидаги нутқи. –Т.: “Ўзбекистон” НМИУ, 2016. – 56 б.
2. Мирзиёев Ш.М. Қонун устуворлиги ва инсон манфаатларини таъминлаш – юрт тараққиёти ва халқ фаровонлигининг гарови. Ўзбекистон Республикаси Конституцияси қабул қилинганининг 24 йиллигига бағишланган тантанали маросимдаги маъруза 2016 йил 7 декабрь. – Т.: “Ўзбекистон” НМИУ, 2016. – 48 б.
3. Мирзиёев Ш.М. Буюк келажегимизни мард ва олижаноб халқимиз билан бирга қурамиз. – Т.: “Ўзбекистон” НМИУ, 2017. – 488 б.
4. Абдувалитов Е. Қазақ әдебиеті тарихы. – Ташкент, “Илм зиё заковат”, 2020.
5. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, “Санат”, 1992.
7. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, “Абзал-Ай”, 2013.
8. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы, 1997.
9. Дуйсабаева Д. “Қазіргі қазақ әдеби тілі”. – Ташкент, “Нодирабегим”, 2020.
10. Жұмажанова Т. Қазақ әдебиетінің әдістемесі. – Алматы, 2007.
11. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы, 1993.
12. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың әдістемесі. – Ташкент, 2003.
13. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы, 2003.
14. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 2004.
15. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
16. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, “Абзал-Ай”, 2013.
17. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998.
18. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, “Абзал-Ай”, 2014.
19. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, “Арыс”, 2007.





